

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 552 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлімде реттік нөмірі 85-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"85 АЛА-002681 "Заң" медиа-корпорациясы" ЖШС";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында:

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне" деген бөлімде реттік нөмірі 218-2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"218-2 "Заң" медиа-корпорациясы" ЖШС";

"Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты" деген бөлімде реттік нөмірі 269-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"269 "Заң" медиа-корпорациясы" ЖШС";

3) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 41, 532-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің карамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Заң" медиа-корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

